

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ШАХТИНСК ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«САНЖАР АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА
ИМЕНИ САНЖАРА АСФЕНДИЯРОВА»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА ШАХТИНСКА
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

2025 жылғы 02 қыркүйек

Шахтинск қаласы

ПРИКАЗ

№ 90 н/к

город Шахтинск

Сыбайлас жемқорлық бойынша бұзушылықтардың алдын алу шаралары туралы

Қазақстан Республикасының 2015–2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру, білім беру ұйымдарында ішкі тәртіп ережелерін бұзуға жол бермеу мақсатында Қарағанды облысының білім басқармасының 2022 жылғы 14 қыркүйектегі №559 бұйрығы және Шахтинск қаласы білім бөлімінің 2022 жылғы 15 қыркүйектегі №213 ж/қ бұйрығы негізінде
БҰЙЫРАМЫН:

1. С. Асфендияров атындағы жалпы білім беретін мектептің педагогикалық ұжымы мен қызметкерлерге:

1.1. Жөндеу жүргізуге, жиһаз, жабдық сатып алуға, үй-жайларды жинауға, педагогикалық ұжымға сыйлықтар алуға, аттестациялар, мерекелік іс-шаралар өткізуге және басқа да мақсаттарға ақша қаражатын мәжбүрлеп жинауға үзілді-кесілді тыйым салынсын.

1.2. Оқу орнында келесі жағдайларға жол бермеу жөнінде пәрменді шаралар қабылдансын:

- ойын-сауық іс-шараларына кітаптар, билеттер сату;
- концерттік бағдарламалар мен ертеңгіліктер өткізу үшін шақырылған актерлердің қызметтеріне ақы төлеуге қаражат жинау;
- ата-аналар мен оқушылардан ақшалай алымдар есебінен мерекелік күндерге сыйлықтар мен жүлделер сатып алу;
- мерекелік күндерге білім беру ұйымдарын безендіруге қаражат жинау;
- оқу-тәрбие процесі кезінде коммерциялық құрылымдардың жарнамалық іс-шараларын жүргізу (байланыс операторларының, тамақтандыру ұйымдарының жарнамасы және т.б.);
- жалдау шартысыз коммерциялық құрылымдардың өнімдерін өткізу;

002256

- білім беру ұйымдары қызметкерлерінің оқушылардың бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылмайтын конкурстар мен зияткерлік ойындарға қатысуы үшін ата-аналардан қаражат жинауына жол берілмесін.

1.3. Тәрбие жұмысын іске асыру шеңберінде өткізілетін оқушылар мен тәрбиеленушілердің мәдени-бұқаралық іс-шараларға (театрларға, көрмелерге, мұражайларға және т.б.) қатысуына қаражат жинау білім беру ұйымы қызметкерлерінің қатысуынсыз, ерікті негізде ғана жүргізілсін.

1.4. 2025-2026 оқу жылында қызметкерлерден, оқушылардан (тәрбиеленушілерден) және олардың ата-аналарынан мерекелік іс-шараларды өткізуге, концерттік бағдарламалар мен ертеңгіліктер өткізу үшін шақырылған актерлердің қызметтеріне ақы төлеу мақсатында мәжбүрлеп ақша жинауға қатаң тыйым салынсын.

Барлық шақырылған актерлердің қатысуымен өткізілетін мерекелік іс-шаралар (жаңа жылдық ертеңгіліктер, концерттер, мектеп бітіру кештері және т.б.) мемлекеттік сатып алу порталы арқылы конкурс жариялау жолымен ұйымдастырылсын.

1.5. Педагогикалық ұжымдар мен ата-аналар комитеті мүшелері арасында оқу орнының қажеттіліктеріне заңсыз ақша жинау мәселесі бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

1.6. Ата-аналардан заңсыз ақша жинауға жол берген сынып жетекшілеріне, мұғалімдерге, тәрбиешілерге тиісті шаралар қолданылсын.

1.7. Ақша қаражатын заңсыз жинауға жол бермеу туралы бұйрық шығарылсын.

2. Осы бұйрықты бұзған қызметкерлерге Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес тәртіптік жаза қолданылсын.

3. 2024 жылғы 02 қыркүйектегі №79 бұйрықтың күші жойылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалу жауапкершілігі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының м.а. Н.Қ. Исабаеваға жүктелсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын өз міндетіме аламын.

Негіздеме: Қазақстан Республикасының 2015–2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру, білім беру ұйымдарында ішкі тәртіп ережелерін бұзуға жол бермеу мақсатында, Қарағанды облысының білім басқармасының 2022 жылғы 14 қыркүйектегі №559 бұйрығы және Шахтинск қаласы білім бөлімінің 2022 жылғы 15 қыркүйектегі №213 ж/қ бұйрығы.

Директор



А.Есмаганбетов